

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ**

**ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ БАСШЫЛАРЫНЫҢ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСТАРЫ**

АСТАНА қаласы

2014 ж. 24 ақпан-5 наурыз

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы 2014 жылғы 24 ақпан-5 наурыз аралығында Астана қаласы Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығында «Балаларға қосымша білім беру жүйесін жаңғырту: инновацияларды енгізу және қызмет сапасын қамтамасыз ету» тақырыбында қосымша білім беру ұйымдары басшыларына арналған республикалық біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастырды.

Ұсынылған бағдарлама балаларға қосымша білім беруді дамыту мен одан әрі жетілдіруге қатысты негізгі сұрақтарды қамтыды. Курсқа республикамыздың барлық өңірлерінен 50 тыңдаушы жиналды.

Курс бағдарламасы блоктық-модульдық тәсілге негізделген. Дәріс пен практикалық сабақтар екі тілде: мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізілді. Дәрістерді Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Қазақ ұлттық өнер университеті, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы, «Жұлдыз» Балалар қоғамдық ұйымдарының одағының» ғалымдары және Оқушылар Сарайы, №1 Балалар музыка мектебі, №2 Өнер мектебінің басшылары оқыды.

«Назарбаев зияткерлік мектептерінің» тәжірибесін тарату мақсатында қосымша білім беру ұйымдары басшыларына Астана қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің аға менеджерлері шеберлік сыныптар өткізді.

Курс соңында жобаларды сәтті қорғап шыққан курс тыңдаушыларына біліктілікті арттырғандығы туралы куәлік тапсырылды.